

МРНТИ 15.41.21.

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.24>

А.Л.Сеитова<sup>1</sup>, У.М.Абдиганбарова<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ САНА СЕЗІМІН «МЕКТЕП-ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ» ЖҮЙЕСІНДЕ ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Бәсекеге қабілетті, кәсіби, мобильді мамандарды даярлау көп жағдайда тұлғаны кәсіби тұрғыда дамытуды басқарумен байланысты. Жалпы білім беру мен ЖОО білім беру ұйымдарының бірлестігі оқытудың негізгі міндеттерін шешіп беруге көмектеседі. Сондықтан, заманауи білім беру тәжірибесінде педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру педагогикалық мамандарды даярлау жүйесі реформаларының бейімдеушіліктерінің бірі саналады. Педагогикалық тәжірибе ЖОО студенттерінің жалпы білім беретін мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуіне қатысуын қарастырып, мақсаты педагогикалық іс-әрекетке мамандарды даярлау мен олардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру саналады. Мақалада болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін «мектеп - жоғарғы оқу орны» жүйесінде дамыту мәселесінің теориялық негіздері қарастырылған.

*Түйін сөздер:* мектеп, жоғарғы оқу орны, кәсіби сана сезім, болашақ педагогтар.

А.Л.Сеитова<sup>1</sup>, У.М.Абдиганбарова<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан

## **ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В СИСТЕМЕ «ШКОЛА – ВУЗ»**

Аннотация

Подготовка конкурентноспособного, профессионального, мобильного специалиста во многом зависит от системы управления профессиональным развитием личности. Соотрудничество образовательных организаций общего образования и Вузов позволяют решить основные задачи обучения. Поэтому организация педагогической практики в современной системе образования является одним из ориентиров реформы системы подготовки педагогических кадров. Педагогическая практика предусматривает участие студентов Вуза в обучении и воспитании учащихся, где целью является подготовка специалистов к педагогической деятельности и формирование перофессиональной компетентности. В статье рассматриваются теоретические основы основы вопроса развития профессионального самосознания у будущих педагогов в системе «школа вуз».

*Ключевые слова:* школа, Вуз, профессиональное самосознание, будущие педагоги.

А.Сейтова<sup>1</sup>, У.Абдиганбарова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

## **FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL SELF-AWARENESS AMONG FUTURE TEACHERS IN THE "SCHOOL – UNIVERSITY" SYSTEM**

Annotation

The training of a competitive, professional, mobile specialist largely depends on the management system for the professional development of the individual. The cooperation of educational organizations of general education and Universities allows us to solve the main tasks of training. Therefore, the organization of pedagogical practice in the modern education system is one of the orienters of the reform of the system of training of pedagogical personnel. Pedagogical practice provides for the participation of University students in the training and education of students, where the goal is to prepare specialists for pedagogical activity and the formation of professional competence. The article discusses the theoretical foundations of the development of professional self-awareness among future teachers in the "school university" system.

**Keywords:** school, university, professional self-awareness, future teachers.

**Кіріспе.** Елімізде білім берудің модернизациялануы заманауи экономика, ғылым, мәдениет, техника, технологияның даму негізіне орай мамандарды даярлау қажеттілігін туындатып отыр. Модернизация жағдайында басты ресурс мобильді, жоғары білікті адами капитал саналады. Сондықтан, білім берудің басты мақсаты кәсіби құзіреттілігі жетілген мамандарды даярлауға бағытталып отыр. Бұнда құзіреттілік тұғыр заманауи білім берудің басты объективті талаптары болып келеді. Құзіреттілік тұғыр аймағында құзіретті және құзіреттілік түсініктерін атап өту маңызды. Құзіреттілік ол оқып үйренудің сапасы болса, ал құзірет ол әрекеттегі құзіреттілік саналады. Осы орайда құзіреттілік ол білім, білім, қабілеттердің, тәжірибенің үйлесімділігі, олардың теориялық қолданбалы даярлықта және функционалды сауаттылық деңгейінде іс-әрекетте жүзеге асыра алуының көрінісі болып келеді. Болашақ педагогтарды кәсіби даярлау, олардың кәсіби құзіреттіліктерін, кәсіби сана-сезімін қалыптастыру үрдісінің тәжірибелік бағытталған болуы өте маңызды.

Бүгінгі таңда заманауи жоғарғы білім берудің мақсаттарының бірі болашақ мамандардың тұлғалық және кәсіби мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жалпы және кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру болып келеді. Бұл мәселені шешу болашақ педагогтардың өз мамандығы туралы түсініктері мен сана-сезімін қалыптастырумен тығыз байланысты. Р.А. Исаев, О.А. Ульянина сияқты ғалымдар болашақ педагогтардың кәсіби сана сезімін қалыптастыру мен дамытуда кәсіби сананың когнитивті, эмоционалды құрамдарын есепке алу қажет деп есептеген. Болашақ педагогтардың кәсіби қалыптастыру, дамыту динамикалық үрдіс саналады. Себебі, субъект өз өмірінде бірқатар кәсіби өзгерістерді, жаңашылқтарды бастан кешіреді. Біздің ойымызша, осы орайда ең маңыздысы тұлғалық кәсіби дамыту болып келеді. Себебі, акмеология тұрғысынан ол тұлғаның кәсіби сана-сезімімен тығыз байланысты. Кәсіби сана-сезім тұлға белсенділігін туындатып, өз еңбегіне деген қанағаттандырушы сезімді туындатады. Кәсіби сана-сезімнің ажырамас бір құрамдас бөлігі ол болашақ мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру. М.М. Гарифуллина, О.У. Гогицаева, С.Д. Гуриева, Ч.В. Кочисов, О.В. Тарарухина сияқты ғалымдар адам баласының барлық түсініктері қабылдау мен сезімнің және қиялдың нәтижелері деген [1. 19б.]. Яғни, түсініктер ол біздің бұрынғы тәжірибімізге негізделген заттың образдық бейнесі. Түсініктер өзгеріске ұшырайтын, динамикалық туындылар негізінде де қарастырылады. Түсініктер әлеуметтік, психологиялық, тұлғалық сипатқа ие бола алады. Олар адамның дүниетанымының маңызды компоненті болып, іс-әрекетті реттеуші функцияны да атқарып, іс-әрекеттің барлық түрінде көрініс табады. Болашақ педагогтардың өз мамандықтары, болашақ кәсіптері туралы адекватты түсініктері олардың қызығушылықтарын, қалауы мен мүмкіндіктерін, қабілеттерін есепке алатын субъектінің өзінің еңбек әрекетін саналы таңдаудың маңызды жағдайы саналады. Себебі, кәсіби сана-сезімнің қалыптасу деңгейі ол адамның белсенді өмірлік позициясының қалыптасуының алғы шарты саналады.

Білім беру ол бүкіл ұлттың интеллектуалды мүмкіндігі қалыптасатын бағыт. О.А. Абдуллина болашақ педагогтарды жалпы педагогикалық даярлаудың бүтіндігі мен

жүйелілігіне келесі жағдайда қол жеткізуге болатындығын атап өткен: теориялық және практикалық оқытудың өзара байланысы, кәсіби даярлаудың процессуальды мазмұндық және мотивацялық құндылық жақтарының бірлігін қарастыратын құралдар жүйесі қолданылса, болашақ педагогтарды жалпы педагогикалық даярлау қағидаларының бірлігі мен оның функцияларының өзара байланысы жүзеге асырылса т.б [2. 40б.].

Біз білетіндей, болашақ педагогтың қалыптасу үрдісі ЖОО қабырғасында жүреді. Дәл сондықтан студенттердің жеке, өзіндік, кәсіби жетілуіне жағдай жасау маңызды. В.А. Андреев, А.Г. Бермус, В.А. Болтов, Е.В. Бондарев Греков, В.И. Загвязинский, Е.И. Н.В. Кузьмина, Б.Т. Лихачев, В.И. Мареев, В.В. Сериков, В.А. Слостенин, Ю.В. Сенько сияқты ғалымдар ЖОО білім беру ортасын дамытуда білімдік құзиреттіліктен болашақ педагогтарды даярлауға өту туралы зерттеулерінде студенттердің теориялық білімдері мен практикалық білімдері арасындағы кедергілерді жою мәселесін қарастырған [3. 24б.]. Кәсіби білім берудің басты мақсаты тек теориялық білімді көрсету ғана емес, оны тәжірибе жүзінде қолдана алуы болып келеді. Б.Г. Ананьев, Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, А.Н. Леонтьев, В.А. Слостенинаның еңбектерінде болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылық мәселесі қарастырылса, ал тұлғаның педагогикалық бағыттылығының ерекшеліктерін анықтау мәселесі В.С. Безрукова, С.Е.Каплина, А.И. Еремкинаның [4. 288б.], жұмыстарында қарастырылған. Л.С. Выгодский мен А.Н. Леонтьев өздерінің тұлға дамуы мен тұлға іс-әрекетінің теориясы туралы фундаменталды зерттеулерінде кәсіби педагогикалық білім берудің концепцияларын қарастырған [5. 512б.].

Аталмыш ғалымдардың зерттеулері бойынша, болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамытуда тұлғалық әрекеттік, аксиологиялық, жүйелілік, барлық құндылықтардың ролі ерекше. «Кәсіби сана-сезім» түсінігін талдау барысы оның кәсіби педагогикалық бағыттылығын дамыту өз маңыздылығын философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде де айқындайтындығын көрсетті. Болашақ педагогтарды даярлау ол күрделі дианамикалық жүйе болып, болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың ЖОО дейінгі кезенді (кәсіби бағыт), кәсіби даярлау және кәсіби жетілдіру кезеңдерін қамтиды.

Болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамыту мәселесінің теориялық негіздері Б.Г.Ананьев, Л.И. Божевич, Е.А. Климова, С.Л. Рубинштейн т.с.с ғалымдар қарастырған.

А.А. Воробьев, Н.Г. Гусева, М.В. Левченко сияқты ғалымдар мұғалім мамандығына қызығушылықтарын диагностикалаудың әдістемесін жасаса, ал В.С. Морозова, А.Я. Синин сияқты ғалымдар оқу пәндері арқылы мұғалім мамандығына бейімдеудің жолы, формасы мен құралдарын қарастырған [6. 138б.].

Е.К. Голомшток, С.Н. Гольдина, К.К. Платонова мектеп оқушыларын педагогикалық мамандыққа бейімдеудің психологиялық аспектісін қарастырса, О.А. Абдуллина, А.Г. Ковалев, Н.В. Кузьмина сияқты ғалымдар педагогикалық ЖОО-дағы кәсіби даярлау үрдісіндегі мұғалім тұлғасын қалыптастыру мәселесін қарастырған. Ал, А.А. Жильцов, С.М. Годник «мектеп ЖОО» жүйесінде мұғалімдерді даярлаудың теориясы мен практикасымен айналысқан [7. С 4].

ЖОО болашақ педагогтарға арналған педагогикалық іс-тәжірибе болашақ студенттерді мектеп қабырғасында жұмыс жасауға кәсіби даярлаудың алғышарты. Іс-тәжірибе барысында тек бастапқы кәсіби білім ғана меңгерілмей, сонымен қатар педагогикалық мәселелерді шешу үшін, кәсіби құзиреттілігін жүзеге асыру үшін қажет кәсіби тұлғалық позициясы да қалыптасады.

**Зерттеу әдістері.** Алға қойылған зерттеу мақсаттарын жүзеге асыру үшін зерттеу тақырыбы бойынша педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерді талдау (тарихи педагогикалық, салыстырма сәйкестендірушілік) талдау әдісі; нормативті құжаттарды талдау әдістері, диагностикалық әдістер (кешенді педагогикалық диагностика, сауалнама, тестілеу, бақылау, әңгімелесу) әдістері; мәселелік міндеттер мен жағдаяттарды талдау; экспериментальды әдістер (анықтаушы, дамыту эксперимент) және экспериментальды мәліметтерді сандық және сапалық талдау әдісі қолданылды.

Нәтижелер мен олардың талқылау. Болашақ педагогтардың педагогикалық іс-тәжірибесін ұйымдастыруда мектептің ролі туралы В.П. Горленко, О.С. Гребешок, Л.С. Нечепоренко, А.И. Пискунов, В.А. Слостенин, В.И.Слободчиков сияқты ғалымдар зерттесе, ал Т.Ф. Белоусова, Б.Я. Гудзенко, Г.И. Королева, Е.Т. Рубцова сияқты ғалымдар жас маманның қалыптасуындағы педагогикалық іс тәжірибенің ықпалын атап өткен. О.А. Абдулина, О.С. Гребенюк, В.К.Розова болашақ педагогтардың кәсіби шеберлігін дамытудың басты құралы педагогикалық іс тәжірибе деп, ол болашақ педагогтарға шынайы тәжірибелік іс-әрекетте алған білімдерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігін атап өткен [8. 208б.].

Жалпы педагогикалық даярлау студенттерді педагогикалық мамандықтың теориясы мен практикасымен қаруландырып, олардың кәсіби ойлауын дамытып, педагогикалық қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыруға, белсенді шығармашылық тұлғасы ретінде белсенді мұғалім тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың базалық кезеңдерінде болашақ педагогтар тарапынан кәсіби сана-сезімін дамытуға ықпал ететін ішкі (отбасы, достар, жолдастар, педагогикалық ұжым позициялары) және сыртқы факторлар (әлеуметтік, экономикалық, мәдени) факторлар да маңызды ролді атқарады. Студенттік шақта педагогикалық мамандықты нәтижелі меңгерудің басты жағдайы ол өзін кәсіби тәрбиелеу деп В.Г. Ананьева, А.Г. Ковалев, Л.И. Рувинский сияқты ғалымдар атап өтсе, ал Н.В.Кузьмина мен В.А. Слостенин басты ролді болашақ педагогтың өзін кәсіби тұрғыда тәрбиелеуіне берген. Кәсіби тұрғыда өзін тәрбиелеу барысында кәсіби идеалдың талаптарына сай өзімен жұмыстың нәтижесі қалыптасатындығын алға тартқан.

Болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімінің негізгі элементі өзінің кәсіби мойындауының болуы мен кәсіби қабілеттерінің болуы саналады. Болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімінің дамуының үш кезеңін атап өту маңызды: 1. Кәсіби құндылықтарды қабылдауы мен саналы түсінуі 2. Өзі үшін маңызды кәсіби құндылықтарды тандап алып, соған орай кәсіби 3. Кәсіби құндылықтар негізінде құндылық бейімдеушіліктердің тұлғалық жүйесін жобалау. Болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамытудың қозғаушы күші «Мен шынайы кәсіби маман», «Мен әмбебап маман» арасындағы ішкі тұлғалық қарама-қайшылық болып келеді. Болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамытуда оларды оңтайлы ортаға қосуды біз екі бағытта қарастырамыз: біріншісі жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру болса, екіншісі жұмысқа дайындық кезеңі ретінде мектеп қабырғасында педагогикалық тәжірибесін шыңдау болып келеді. Дайындық кезеңі педагогикалық жағдаяттарды туындату, студенттерді түрді шығармашылық, ойын, ізденімпаздық іс-әрекетке қосу болып келеді.

Біздің зерттеу жұмысымызда болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін «мектеп - жоғарғы оқу орны» жүйесінде дамыту концепциясын зерттеу үш негізгі өзара байланысты блокты қамтыды: әдіснамалық (бірін-бірі толықтыратын педагогикалық, психологиялық, философиялық, диниетанымдық тұғырлардың өзара байланысын қамтиды); теориялық (тұлға құрылымындағы кәсіби сана-сезімнің функционалды, критериалды, құрылымдық мазмұндық сипаттамасы; технологиялық (болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамыту мақсатында педагогикалық, психологиялық технологияларды байытуды қарастырады).

Сана мен сана-сезімнің өзара байланысын түсінудің түрлі тұғырларын талдау сана-сезім түсінігін дамыған тұлға санасының құрылымы, тұлғаның анықтаушы белгісі ретінде және оның қалыптасуы мен дамуы барысында онымен бірге дамиды, жеке адамның барлық жеке жүйесін басқаратын адам психикасының функциясы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Осы орайда В.Витгенштейн, Э.Гуссерль, В.Франкл сана-сезімді тұлға мен әлем арасындағы мағыналық қатынастың үйлесімділігі десе [9. 464б.], А.Н. Леонтьев тұлғалық мағына жүйесінің байланысын қалыптастыруға әкелетін мағыналық қатынастар үйлесімділігі десе, ал В.Франкл адамзат мағынасын іздеу деп қарастырған. В.С. Мерлин кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруда азаматтық және кәсіби педагогикалық

идеалдарды ерекше атап өткен. Олар болашақ педагогтың кәсіби сана-сезімінің ішкі мазмұнына ықпал етіп, келесі бағыттарды қамтитындығын көрсеткен:

Рефлексивтілі, яғни өзін ой елегінен өткізу, талдау, зерттеу қабілеті; диалогтылық, яғни соның негізінде педагогта «адамның адамға ашылуы» мүмкіндігі туындайды; эмпатиялық өзінің ішкі әлемін түсінуі, өзгелерді эмоциональды жағдайын түсіне алу қабілеті т.б. кәсіби өзін тәрбиелеуі, өзін өзі дамытуы, жетілдіруі т.б.

**Қорытынды.** Болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін «мектеп - жоғарғы оқу орны» жүйесінде дамыту өзін білім берудің әлеуметік мәдени контекстінде саналы ұғына алатын және елестете алатын тұлғанының «Мен бейнесімен» тығыз байланысты. Сана-сезімді көптеген ситуативті Мен образдарымен толтыру, ол өзін реттеу үрдісінде оның құрылымдық құрамдас бөліктерінің үнемі қозғалыста болуын қарастырады. Уақыттық континуумда санасезімнің қорытынды жұмысы «Мен өзекті кәсіби» болып, онда болашақ педагогтық субъектілік қасиеттері, олардың қоршаған адамдарды (өзге мұғалім, балаларды т.б) қабылдауы мен бағалауы жүріп, «ішкі позициясы» пайда болып, «мен айналық кәсіби» сана-сезімінде педагог іс-әрекет бастамасы болып, көзқарастар мен қарым-қатынастардың өзгеруіне ықпал етіп, бұл қатынастар болашақ педагогтың өзінің импульсті дамуына да ықпал етеді. Арнайы педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау барысы болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімі: когнитивті, мотивациялық құндылық, эмоциональды бағалық, когнитивті құрамдас бөліктерді қамтитындығын көрсетті. Сана-сезімінің когнитивті құрамдас бөлігі кәсіби сана-сезімді қамтитын мағыналық үрдісті қамтып, оның *өзін-өзі, өзгені түсіну арқылы тану* (яғни, оқушыларды, мұғалімдерді), өзін бақылау, педагогикалық кәсіби рефлексия екендігі анықталды. Осы орайда ЖОО мен мектеп сабақтастығын үзбей, екеуін байланыстыра отырып, болашақ педагогтардың кәсіби сана-сезімін дамыту зерттеу жұмысының өзектілігін одан әрі айқындап отыр.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Andreev A.L. *Kompetentnostnaia paradigma v obrazovanii: metodologicheskogo analiza* // *Pedagogika*, 2005, №4. - S.19-27;
2. *Obie osnovy pedagogiki: Ūchebnik dlia stŷdentov pedagogicheskikh vŷzov* / I. A. Solovtsova, N. M. Borytko; Pod red. N.M. Borytko. — Volgograd: Izd-vo VGIPK RO, 2006.— S. 40–43
3. Bermŷs A.G. *Problemy sozdanua obrazovatelnyh programm v sisteme podgotovki pedagogov-praktikov* // *Kŷlŷtŷrno-istoricheskii podhod: razvitie gŷmanitarnykh naŷk i obrazovanua: mat-ly mejd. konf. Moskva, 21-24 oktiabria. 1996. S.24-25*
4. A.N. Leontev i sovremennaia psihologua / red. A.V. Zaporojets. - M.: Moskovskii Ūniversitet, 2019. - 288 c
5. Vygotskii, L.S. L.S. Vygotskii. *Sobranie sochinenu* / L.S. Vygotskii. - M.: ĖĖ Media, 2016. - 512 c.
6. Abdŷllina O.A. *Obepedagogicheskaiia podgotovka ŷchitelia vsisteme vysshego pedagogicheskogo obrazovanua.* - ML: Prosveenie, 1990.138 s
7. Godnik, S. M. *Harakteristika osobennosti professionalno-pedagogicheskoi deiatelnosti s pozitsu obektno-sŷbektного preobrazovanua lichnosti* [Tekst] / S. M. Godnik // *Pedagogicheskoe obrazovanie i naŷka.* - 2006. - n 5. - s. 4-6.
8. Abdŷllina O.A. *Obepedagogicheskaiia podgotovka ŷchitelia v sisteme vysshego pedagogicheskogo obrazovanua* / O.A. Abdŷllina. - M.: Prosveenie, 2004. - 208s
9. Gŷsserl Edmŷnd. M.: *Izdatelskii dom «Territorua bŷdŷyego»*, 2005.-. 464 s